

# "ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

---

---

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің  
Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын  
бақылау мен қадағалау Комитетімен

**К е л і с і л д і**

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің  
Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын  
бақылау мен қадағалау Комитетінің  
Төрағасы

Қ.Б. ҚОЖАХМЕТОВ

"Қазақстан қор биржасы" АҚ  
Биржалық кеңесінің шешімімен  
(2012 жылдың 14 мамырындағы  
№ 09 отырыс хаттамасы)

**Б е к і т і л д і**

2012 жылдың 23 шілдесінен бастап

**Қолданысқа енгізілді**

**Клирингтік қатысушылардың мониторингі  
мен бақылауын жүзеге асыру**

**ТӘРТІБІ**

---

---

Алматы қ.

2012

## ТҮЗЕТУЛЕР ПАРАҒЫ

### 1. № 1 өзгертулер мен толықтырулар:

- Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен бақылау комитетімен 2012 жылдың 14 желтоқсанында келісілді;
- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Биржалық кеңесінің шешімімен (2012 жылдың 31 қазанындағы № 23 отырыс хаттамасы) бекітілді;
- 2013 жылдың 09 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізілді.

Осы Тәртіптеме клирингілік қатысушылардың Қазақстан Республикасы заңнамасы мен "Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі - Биржа) ішкі құжаттарының талаптарына сәйкестігіне мониторинг пен бақылау жүргізу мақсатыда әзірленген *(осы абзац Биржалық кеңестің 2012 жылдың 31 қазанындағы шешімімен өзгертілген)*.

**1 бап. Жалпы қағидалар**

1. Осы Тәртіптеме Қазақстан Республикасының заңнамасына және Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес әзірленген *(осы тармақ Биржалық кеңестің 2012 жылдың 31 қазанындағы шешімімен өзгертілген)*.
2. Осы Тәртіп клирингілік қатысушыларға ақпараттар беру тәртібін, клирингілік қатысушыларды тексеру тәртібі мен мерзімін, осындай тексерудің нәтижелерін рәсімдеу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына және Биржаның ішкі құжаттарына сай бомаған клирингілік қатысушыларға қатысты қолданылатын шараларды анықтайды *(осы тармақ Биржалық кеңестің 2012 жылдың 31 қазанындағы шешімімен өзгертілген)*.
3. Осы Тәртіпте анықталған талаптар, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне қатысты, Еуразиялық даму банкіне қатысты және "Қазақстанның Даму Банкі" АҚ қатысты қолданылмайды.
4. Осы Тәртіпте қолданылған ұғымдар, Қазақстан Республикасы заңнамасында анықталған, Биржалық кеңестің шешімімен (2012 жылдың 14 мамырындағы № 09 отырыс хаттамасы) бекітілген Қаржы құралдарымен жасалатын мәмілелер бойынша клирингілік қызметті жүзеге асыру ережелерінде және және Биржаның басқа да ішкі құжаттарында анықталған ұғымдарға ұқсас *(осы тармақ Биржалық кеңестің 2012 жылдың 31 қазанындағы шешімімен өзгертілген)*.

**2 бап. Клирингілік қатысушылардың мониторингінің жылдық жоспары**

1. Биржа клирингілік қатысушылардың Қазақстан Республикасы заңнамасының және Биржаның ішкі құжаттарының талаптарын орындауын мониторингін, клирингілік қатысушылардың мониторингінің жылдық жоспарына сәйкес, клирингілік қатысушылардан және уәкілетті органнан алған ақпараттар негізінде жүзеге асырады *(осы тармақ Биржалық кеңестің 2012 жылдың 31 қазанындағы шешімімен өзгертілген)*.
2. Клирингілік қатысушылардың мониторингінің жылдық жоспары, клирингілік қатысушының Биржа талаптарын және Қазақстан Республикасының заңнамасын орындауын тексеруді қамтитын, міндетті тоқсандық тексерулерінен тұрады *(осы тармақ Биржалық кеңестің 2012 жылдың 31 қазанындағы шешімімен толықтырылған)*.
3. Биржа клирингілік қатысушыларды Қазақстан Республикасы заңнамасының келесідей талаптарын орындауына тексереді:
  - 1) меншікті капиталдың жеткіліктігі мен жарғылық капиталдың минималды деңгейі туралы пруденциалды нормативтер бойынша;
  - 2) тәуекелдерді басқару бойынша тиісті жүйенің бар болуы бойынша;
  - 3) клирингілік қатысушыларға, соның ішінде бағалы қағаздар нарығында кәсіби қызметпен айналысуға немесе банктік операцияларды және өзге де операцияларды жүзеге асыруға рұқсат беретін лицензиясы бар, ұйымдарға қатысты қарастырылған, уәкілетті органның талаптарын орындау бойынша.

*(Осы тармақ Биржалық кеңестің 2012 жылдың 31 қазанындағы шешімімен өзгертілген)*.

4. Биржа клирингілік қатысушыларды, Биржаның құжаттарында белгіленген, талаптарға:
  - 1) Биржа Басқармасымен бекітілген Клирингілік қатысушыларды бағалау әдістемесіне сәйкес есептелген, рейтингтің минималды деңгейіне сай болуы бойынша;
  - 2) маржалық және кепілдік жарналар бойынша талаптарды уақытылы орындауы, клирингілік алымдарды төлеу бойынша, сондай-ақ Ережелермен және клирингілік қызмет көрсетуді жүзеге асыру туралы келісім-шартта белгіленген, өзге де талаптар бойынша сәйкестігін тексереді.

*(Осы тармақ Биржалық кеңестің 2012 жылдың 31 қазанындағы шешімімен өзгертілген).*

5. Биржа резидент емес – клирингілік қатысушылардың осы баптың 3 тармағында белгіленген талаптарды орындауын тексермейді.

Резидент емес – клирингілік қатысушылардың міндетті тоқсандық тексерулеріне осы баптың 4 тармағында белгіленген талаптардан басқа, Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес, меншікті капиталдың жеткіліктілігі және тәуекелдерді басқарудың сенімді жүйесінің бар болуы тексеріледі.

*(Осы тармақ Биржалық кеңестің 2012 жылдың 31 қазанындағы шешімімен енгізілген).*

### **3 бап.**

#### **Жоспардан тыс тексерулер**

1. Жопардан тыс тексерулерді Биржа Басқармасы клирингілік қатысушыларға қатысты уәкілетті органның қолданған әрекеттері бойынша оларды тексеру үшін, сондай-ақ клирингілік қатысушылардан келесідей уақиғалар туралы ақпараттар алу бастамалайды мақсатында:
  - 1) уәкілетті орган оған, оның қызметкеріне немесе аффилиирленген тұлғаларына қатысты ықпалшара және (немесе) шектеу шараларын қолданғаны туралы;
  - 2) соттың, жауап алу және тергеу органдырының немесе атқарушы органдарының өндіруіндегі қылмыстық және азаматтық істеріндегі және атқарушылық өндіру істеріндегі клирингілік қатысушының мүлгіне салынған тыйымдары туралы.

*(Осы тармақ Биржалық кеңестің 2012 жылдың 31 қазанындағы шешімімен өзгертілген).*

2. Биржа резидент емес – клирингілік қатысушылардың жоспардан тыс тексерулерін жүзеге асырмайды.

### **4 бап.**

#### **Клирингілік қатысушылардың ақпараттар беруінің тәртібі мен мерзімдері**

1. Клирингілік қатысушы Биржаға ұсынады:
  - 1) тоқсандық қаржылық есеп берушілік (қаржылық жағдайы туралы есеп берушілік және жиынтық пайда туралы есеп берушілік), клирингілік қатысушының әр клиентінің сауда-саттық шотындағы ақша қалдығы туралы тоқсандық есеп берушілік және пруденциалды нормативтерді есептеу;
  - 2) бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік және (немесе) инвестициялық портфельді басқару бойынша қызметтер атқаратын, клирингілік қатысушылар үшін – Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен бақылау Агенттігі Басқармасының 2009 жылдың 26 қыркүйегіндегі № 209 қаулысымен

бекітілген, Бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметтер, инвестициялық портфельді басқару бойынша қызметтер атқаратын ұйымдар үшін тәуекелдерді басқару жүйесінің бар болуына қойылатын талаптар туралы нұсқаулықтың 1 Қосымшасына сәйкес, тәуекелдерді басқару жүйесіне қойылатын талаптарды орындауын бағалау туралы есеп берушілік.

Клирингілік қатысушы – банктер үшін – Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен бақылау Агенттігі Басқармасының 2005 жылдың 30 қыркүйегіндегі № 359 қаулысымен бекітілген, Екінші деңгейдегі банктерде тәуекелдерді басқару жүйесінің бар болуына қойылатын талаптар туралы нұсқаулықтың 9 қосымшасына сәйкес, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің бар болуы бойынша Нұсқаулықтың талаптарын орындау туралы есеп берушілік;

- 3) осы Тәртіптің 2 бабы 3 тармағында анықталған талаптарды орындағаны және (немесе) орындамағаны туралы ақпарат;
- 4) осы Тәртіптің 3 бабы 1 тармағында белгіленген уақиғалар туралы ақпарат.

*(Осы тармақ Биржалық кеңестің 2012 жылдың 31 қазанындағы шешімімен өзгертілген).*

2. Клирингілік қатысушы – банк осы баптың 1 тармағының 1) тармақшасында белгіленген тоқсандық есеп берушіліктің орнына Биржаға, Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау Агенттігі Басқармасының 2005 жылдың 25 маусымындағы "Екінші деңгейдегі банктердің теңгерімдік және теңгерімнен тыс шоттарындағы қалдықтар туралы есеп беру нысандары мен мерзімдерін бекіту туралы" № 224 қаулысына сәйкес, теңгерімдік және теңгерімнен тыс шоттарындағы қалдықтар туралы есеп беруі тиіс.
3. Резидент емес – клирингілік қатысушы Биржаға осы баптың 1 және 2 тармақтарында белгіленген ақпараттың орнына мынадай ақпараттарды ұсынуы тиіс *(осы абзац Биржалық кеңестің 2012 жылдың 31 қазанындағы шешімімен өзгертілген)*:
  - 1) ҚЕХС сәйкес құрастырылған, тоқсандық қаржылық есеп берушілік (еншілес ұйымы (ұйымдары) болған жағдайда – шоғырландырылған және жеке қаржылық есеп берушілігін, атап айтқанда қаржылық жағдай туралы есеп беру және жиынтық табыс туралы есеп беру) және клирингілік қатысушының әр клиентінің сауда-саттық шотындағы ақша қалдығы туралы тоқсандық есеп беру;
  - 2) Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес, меншікті капиталдың жеткіліктілігі және тәуекелдерді басқару бойынша тиісті жүйенің бар болуы туралы ақпарат *(осы тармақша Биржалық кеңестің 2012 жылдың 31 қазанындағы шешімімен өзгертілген)*.
4. Осы баптың 1-3 тармақтарында белгіленген ақпарат электрондық құжаттармен алмасу жүйесі арқылы Microsoft Excel форматында ұсынылады, бұл ретте, осы баптың 1 тармағының 1) және 3) тармақшасында және 2 және 3 тармақтарында белгіленген ақпарат тоқсан сайын, әр есеп беру кезеңі аяқталғаннан кейінгі келесі айдың оныншы жұмыс күнінен кешіктірмей, ал осы баптың 1 тармағының 2) тармақшасынла белгіленген ақпарат – жылда, есептік кезең аяқталғаннан кейінгі жылдың 01 шілдесінен кешіктірмей, ал осы баптың 1 тармағының 4) тармақшасында белгіленген ақпарат – сипатталған жағдай туындағаннан кейін келесі жұмыс күннен кешіктірмей ұсынылуы тиіс *(осы тармақ Биржалық кеңестің 2012 жылдың 31 қазанындағы шешімімен өзгертілген)*.

5. Клирингілік қатысушы, осы клирингілік қатысушының Қазақстан Республикасы заңнамасы және Биржаның ішкі құжаттарының талаптарына сәйкестігіне мониторингін жүргізу мақсатында, Биржа жолдаған сауалға, алған күннен кейін бес жұмыс күн аралығында, жауап беруі тиіс *(осы тармақ Биржалық кеңестің 2012 жылдың 31 қазанындағы шешімімен өзгертілген)*.

**5 бап.**

**Клирингілік қатысушыларды тексеру тәртібі және тексеру нәтижелерін рәсімдеу мерзімі**

1. Клирингілік қатысушылардың тексеруін Клирингілік палата жүзеге асырады.
2. Тоқсандық тексерулер, клирингілік қатысушылардан осы Тәртіптің 4 бабы 1 тармағының 1)-3) тармақшаларында және 2 және 3 тармақтарында белгіленген ақпаратты алғаннан кейін, мынадай процедураларды өткізу арқылы, жүзеге асырылады *(осы абзац Биржалық кеңестің 2012 жылдың 31 қазанындағы шешімімен өзгертілген)*:
  - 1) осы Тәртіптің 4 бабының 4 тармағына сәйкес, клирингілік қатысушылардың ақпараттарды уақытында және толық мөлшерде ұсынуын бақылау;
  - 2) осы Тәртіптің 2 бабының 3 және 5 тармақтарында белгіленген талаптарға клирингілік қатысушылардың сәйкестігін тексеру *(осы тармақша Биржалық кеңестің 2012 жылдың 31 қазанындағы шешімімен өзгертілген)*.
3. Осы Тәртіптің 3 бабының 1 тармағының 1) және 2) тармақшасында белгіленген уақиғалар туралы ақпаратты клирингілік қатысушылардан алғаннан кейін, Биржа осы клирингілік қатысушының жоспардан тыс тексеруін он жұмыс күн аралығында, мынадай процедураларды жүргізу арқылы, жүзеге асырады *(осы абзац Биржалық кеңестің 2012 жылдың 31 қазанындағы шешімімен өзгертілген)*:
  - 1) осы Тәртіптің 4 бабының 4 тармағына сәйкес, клирингілік қатысушылардың ақпараттарды уақытында және толық мөлшерде ұсынуын тексеру;
  - 2) қажетті жағдайда, осы клирингілік қатысушыға, осы Тәртіптің 3 бабының 1 тармағында белгіленген, уақиғалардың туындау себептері туралы қосымша ақпараттарды ұсыну бойынша, сауал жіберу *(осы тармақша Биржалық кеңестің 2012 жылдың 31 қазанындағы шешімімен өзгертілген)*;
  - 3) осы тармақтың алдыңғы тармақшасында аталған сауалға клирингілік қатысушының уақытылы жауап қайтаруын бақылау;
4. Осы Тәртіптің 3 бабының 1 тармағында белгіленген, жоспардан тыс тексерулер, Биржа Басқарма осындай тексерулерді бастамалаған күннен бастап он жұмыс күн аралығында, кемінде жылына бір рет, мынадай процедураларды өткізу арқылы жүзеге асырылады *(осы абзац Биржалық кеңестің 2012 жылдың 31 қазанындағы шешімімен өзгертілген және толықтырылған)*:
  - 1) клирингілік қатысушыға қатысты шара қолданылғаны турады уәкілетті органға сауал жіберу;
  - 2) уәкілетті органнан жауап алынғаннан соң және жауапта осы клирингілік қатысушыға қатысты уәкілетті орган қандай да бір шара қолданғаны туралы ақпарат болса, Биржа осы клирингілік қатысушыға бұл ақпаратқа түсініктеме алу үшін сауал жолдауы мүмкін *(осы тармақша Биржалық кеңестің 2012 жылдың 31 қазанындағы шешімімен өзгертілген)*;

- 3) осы тармақтың алдыңғы тармақшасында белгіленген, сауалға клирингілік қатысушының уақытылы жауап беруін бақылау.
5. Биржаның Клирингілік палатасы клирингілік қатысушының тоқсандық тексерулері негізінде оның қаржылық жағдайы туралы туралы есебін және тоқсандық және (немесе) жоспардан тыс тексерулерінің нәтижелері туралы есебін, аталмыш тексерулер аяқталғаннан кейін екі жұмыс күн аралығында, әзірлейді *(осы тармақ Биржалық кеңестің 2012 жылдың 31 қазанындағы шешімімен өзгертілген)*.
6. Клирингілік палата клирингілік қатысушының тоқсандық тексерулері негізінде оның қаржылық жағдайы туралы туралы есебін және тоқсандық және (немесе) жоспардан тыс тексерулерінің нәтижелері туралы есебін Биржа Басқармасына, осындай тексерулер аяқталғаннан кейінгі үшінші жұмыс күннен кешіктірмей, ұсынады *(осы тармақ Биржалық кеңестің 2012 жылдың 31 қазанындағы шешімімен енгізілген)*.

**6 бап. Қолданылатын шаралар**

1. Биржа Басқармасы, Ережелердің, клирингілік қызмет көрсету туралы келісім-шарттың және (немесе) Биржаның ішкі құжаттарының ең болмаса бір талабын бұзған жағдайда, клирингілік қатысушыға қатысты шара қолдану туралы шешім қабылдауға құқылы.
2. Биржа Басқармасы, осы баптың 4 тармағында белгіленгендей, Қазақстан Республикасының заңнамасының, клирингілік қызмет көрсету туралы келісім-шарттың және (немесе) Биржаның ішкі құжаттарының талаптарын бұзушылықтың маңыздылығын, сондай-ақ осындай тәртіп бұзушылық салдарының маңыздылығын ескере отырып, шара қолдану туралы шешім қабылдайды *(осы тармақ Биржалық кеңестің 2012 жылдың 31 қазанындағы шешімімен өзгертілген)*.
3. Биржа клирингілік қатысушыға оған қатысты қолданылған шаралар туралы, осындай шаралар қолдану туралы шешім қабылданған күннен кейін келесі жұмыс күні, хабарлама жолдайды *(осы тармақ Биржалық кеңестің 2012 жылдың 31 қазанындағы шешімімен өзгертілген)*.
4. Биржа Басқармасы алдыңғы тармақта белгіленген клирингілік қатысушыға қатысты, оның бір күнтізбелік жыл бойы жасаған тәртіп бұзушылығына (тәртіп бұзушылықтарына) қарай келесідей шаралар қолдануға құқылы:

Клирингілік қатысушының тәртіп бұзушылығы	Бірінші тәртіп бұзушылығы кезінде қолданылатын шаралар	Тәртіп бұзушылық қайталанғанда қолданылатын шаралар	Тәртіп бұзушылықтар жүйелі түрде болғандағы қолданылатын шаралар <sup>1</sup>
Қаржылық есеп берушілікті және/немесе өзге ақпаратты <sup>2</sup>	Ескерту жасау	10 АЕК көлемінде айыппұл салу	25 АЕК көлемінде айыппұл және клирингілік

<sup>1</sup> Тұрақты тәртіп бұзушылықтар – клирингілік қатысушының 3 (үш) және одан көп тәртіп бұзушылықтары *(осы сілтеме Биржалық кеңестің 2012 жылдың 31 қазанындағы шешімімен енгізілген)*.

<sup>2</sup> Өзге ақпарат – осы Тәртіптің 3 бабының 1 тармағының 1) тармақшасында белгіленген уақиғалар *(осы сілтеме Биржалық кеңестің 2012 жылдың 31 қазанындағы шешімімен енгізілген)*.

уақытылы ұсынбау <sup>3</sup>			қатысушы мәртебесінің қолданысын уақытша тоқтатып, жайғасымда ашу шектелімінің мәні нөлге тең етіп орнату мүмкіндігі
Қаржылық есеп берушілікті және/немесе өзге ақпаратты уақытылы ұсынбау <sup>4</sup>	100 АЕК көлемінде айыппұл және клирингілік қатысушы мәртебесінің қолданысын уақытша тоқтатып, жайғасымда ашу шектелімінің мәні нөлге тең етіп орнату мүмкіншілігі	150 АЕК көлемінде айыппұл салу және клирингілік қатысушы мәртебесінен айыру мүмкіндігі	200 АЕК көлемінде айыппұл салу және клирингілік қатысушы мәртебесінен айыру
Клирингілік алымдарды уақытылы төлемеу	ескерту жасау	10АЕК көлемінде айыппұл салу	25 АЕК көлемінде айыппұл және клирингілік қатысушы мәртебесінің қолданысын уақытша тоқтатып, жайғасымда ашу шектелімінің мәні нөлге тең етіп орнату мүмкіндігі
МК жеткіліктілігі және жарғылық капиталдың минималды деңгейі туралы пруденциалдық нормативтерді орындамау	клирингілік қатысушының пруденциалды нормативтердің мәндеріне сәйкессіздікті жою бойынша іс-шаралар жоспарын ұсыну және клирингілік	нормативтік мәндерге сәйкестікке жеткенше дейін, пруденциалды нормативтерінің күнделікті мониторингіне ауыстыру, және клирингілік	нормативтік мәндерге сәйкестікке жеткенше дейін, пруденциалды нормативтерінің күнделікті мониторингіне ауыстыру, және клирингілік

<sup>3</sup> Қаржылық есеп берушілікті және/немесе өзге ақпаратты уақытылы ұсынбау деп, қаржылық есеп берушілікті және/немесе өзге ақпаратты осы Тәртіптің 4 бабының 4 және 5 тармақтарында белгіленген мерзімде ұсынбауды түсіну керек ([осы сілтеме Биржалық кеңестің 2012 жылдың 31 қазанындағы шешімімен енгізілген](#)).

<sup>4</sup> Қаржылық есеп берушілік және/немесе өзге ақпарат ұсынылмады деп, осы Тәртіптің 4 бабының 4 және 5 тармақтарында белгіленген мерзім аяқталған сәттен он бес жұмыс өткеннен кейін ұсынылмаса, мойындалады ([осы сілтеме Биржалық кеңестің 2012 жылдың 31 қазанындағы шешімімен енгізілген](#)).



	қатысушы мәртебесінің қолданысын уақытша тоқтатып, оған жайғасым ашу шектелімін нөлге тең етіп орнату	қатысушы мәртебесінің қолданысын уақытша тоқтатып, оған жайғасым ашу шектелімін нөлге тең етіп орнату мүмкін	қатысушы мәртебесінің қолданысын уақытша тоқтатып, оған жайғасым ашу шектелімін нөлге тең етіп орнату немесе клирингілік қатысушы мәртебесінен айыру мүмкін
Биржа Басқармасы бекіткен, Клирингілік қатысушыларды бағалау әдістемесіне сәйкес есептелген, рейтингінің минималды деңгейіне сәйкессіздік	клирингілік қатысушының рейтингтің минималды деңгейіне сәйкессіздікті жою бойынша іс-шаралар жоспарын ұсынуы	клирингілік қатысушы мәртебесінің қолданысын уақытша тоқтатып, оған жайғасым ашу шектелімін нөлге тең етіп орнату	клирингілік қатысушы мәртебесінен айыру
тәуекелдерді басқару бойынша тиісті жүйенің бар болуы бойынша талаптарға сәйкессіздік	клирингілік қатысушының тәуекелдерді басқару бойынша тиісті жүйенің бар болуы талаптарына сәйкессіздікті жою бойынша іс-шаралар жоспарын ұсынуы	клирингілік қатысушы мәртебесінің қолданысын уақытша тоқтатып, оған жайғасым ашу шектелімін нөлге тең етіп орнату	клирингілік қатысушы мәртебесінен айыру